

КӘСІБИ
МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ
БОЛСЫН!

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Қазақстан Республикасы Судьялар одағы атынан Сіздерді кәсіби мереке-леріңіз – Судья және сот қызметкерлері күнімен құттықтаймыз! Бұл күн – судьялармен қатар, әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан, ел сенімін арқалаған сот жүйесінің қызметкерлері үшін ерекше маңызға ие.

Судья – қоғам мен мемлекет тұрақтылығының кепілі, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудың тірегі, ел дамуына үлес қосатын парасат иесі. Сот төрелігінің тарихы тереңде жатыр. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы әділдікті ту еткен дала заңдары мен билер институты арқылы ұлттың бірлігі мен тұтастығын сақтап келген. Көшпелі қоғамда өмір сүрген халқымыздың құқықтық мәдениетінде Төле, Қазыбек, Әйтеке билер сынды ұлы тұлғалар әділет пен даналықтың белгісіне айналды. Олардың әділ шешімі мен көрегендігі, парасатты пайымы – бүгінгі сот жүйесінің рухани өзегі мен үлгі-өнегесі.

Билердің «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қасиетті қағидасы – бүгінгі заманның судьялары үшін де темірқазықтай қағылып, кәсіби қызметінің басты ұстанымына айналды. Осы асыл мұраны жалғастыру үлкен жауапкершілікпен қатар, мәртебелі міндет жүктейді.

Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап, сот жүйесі жаңа серпінді даму кезеңіне қадам басты. Ел Конституциясында сот билігінің дербестігі айқын көрсетіліп, «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң қабылданды. Бұл заң еліміздің сот билігіне жоғары сенім мен жауапкершілік жүктеп, судьялар корпусына кәсіби талапты арттырды. Бүгінгі таңда сот жүйесі – демократиялық қоғамның ажырамас бөлігі, құқықтық мемлекеттің берік тірегі ретінде қалыптасты.

Судья болу – бұл жай мамандық емес, үлкен сын мен жауапкершілік. Судья қабылдаған әрбір шешім адам тағдырына, қоғамның тұрақтылығына, ел бірлігіне әсер ететіні анық. Сондықтан бұл мамандық иелерінен терең білім, адамгершілік, сабыр мен салмақтылық, әділдік пен ар тазалығы талап етіледі.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 2-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СОТТЫҢ ӘДІЛЕТТІ
ШЕШІМІ – ҚОҒАМ
ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ



Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі қоғамның әділеттілігін қалыптастыратын маңызды құрылым. Бұл жүйенің тиімді жұмыс істеуі қоғамның құқықтық мәдениетін, заңға деген сенімін және құқықтық тәртіптің нығаюын қамтамасыз етуге негіз бола алады. Қай дәуірде болсын, қоғамның дамуы мен тұрақтылығы құқық үстемдігіне, ал құқықтың жүзеге асуы әділ соттың болуына байланысты болды.

ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ – 2025

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР
ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

Алматы облысы, Кеген ауданында дәстүрлі «Қымызмұрындық–2025» мәдени шарасы мен «Жолан жүйрігі» республикалық ат бәйгесі өтті. Онға жуық елден 10 мыңнан астам халық қатысқан бұл шарада ұлттық салт-дәстүріміз ұлықталып, мәдениетіміз бен өнеріміз паш етілген мерекелік күн болды.

Әйгілі Қарқара жәрмеңкесін қайта жаңғыртқандай болған әсем көрініс бұл күні мерекеге қатысушылардың есінде мәңгі ұмытылмас әсер қалдырғаны анық. Алыстан мен-мұңдалап көрініп, қаз-қатар боп тізілген ақ шаңқан киіз үйлер, алтыбақан тепкен жастар мен сызылта салған ән мен күйдің әуені кімді де болса өзіне еріксіз тартып алары анық. Өйткені ертең қымызмұрындық болады деген күні түнде нәсерлеткен жауын айналадағы шаң-тозаңды басып, түсті түкті кілемдей құлпырып жатқан жайлау көркін мүлде ажарландырып жіберді.

Темір тұлпарының тізгінін арнайы орнатылған еңселі де айбарлы қақпа алдына қойып, көлігінен шыққан жұрт жайлау төсіндегі сан алуан өсімдіктердің қызылды-жасылды гүлдерінің хош иісіне арбалып қалғандай күйге түсті. Одан кейін аз-кем бөгеліп ішке бет алғандар жолдың екі жағында бірнеше қатар болып сап түзеген күбі піскен жүз ақ жаулықты келіншектің қолынан қымыз ішіп, шөлін басқан кезде нағыз қымызмұрындықты өз көзімен көре бастады. Одан кейін арнайы әзірленген Қарқара жәрмеңкесіндегі қолөнер шеберлерінің бұйымдарымен, этномәде-

ни орталықтар жәдігерлерімен, ауыл шаруашылығы өнімдерімен, техникалармен және суретшілер көрмесімен танысып, Қазақстан этнодизайнерлер одағы мүшелерінің шеберлік сабақтарына қатысуға мүмкіндік алды.

(Жалғасы 8-бетте)



4-бет

Қала тазалығына қатысты заң қабылдайтын кез келді

5-бет

Еркеш МАУКЕНҚЫЗЫ,
Жоғарғы Сот судьясы:
«Әр шешімнің артында адам тағдыры тұр»

6-бет

Жас судьяларда өзгеріс енгізуге деген ниет жоғары

ЛЕБІЗ

КӘСІБИ МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінде еліміздің судьялар корпусы осы жоғарыдағы үмітті толық ақтап келеді. Судьялардың кәсіби шеберлігі, заңдылық пен әділеттілікті қорғаудағы табандылығы – қоғамның сотқа деген сенімін арттырып, ел дамуының құқықтық негізін қалыптастырып отыр.

Құқықтық мемлекеттің негізі, әділетке деген сенімді қалыптастыратын басты тіректің бірі – сот қызметкерлері. Олар ел мүддесі мен азаматтар құқығын қорғау жолындағы жауапкершілігі мол әрі аса маңызды миссияны атқаратын тұлғалар. Бұл міндет жоғары жауапкершілік пен кәсіби дағдыны талап етеді. Бүгінгі таңда Сіздердің ұқыптылықтарыңыз, тәртіпке беріктігіңіз, заңға адалдығыңыз – бүкіл сот жүйесінің беделін арттырып отыр. Елдің құқықтық мәдениетін дамыту, әділдік пен заң үстемдігін орнату жолында атқарған еселі еңбектеріңіз әрдайым тиісті дәрежеде бағаланатын болады.

Құрметті судьялар мен сот қызметкерлері!

Сіздердің адал еңбектеріңізге, әділ шешімдеріңізге, еліміздің құқықтық мәдениетін дамытуға қосып жатқан зор үлестеріңізге ерекше алғысымды білдіремін. Әділ сот төрелігін жүзеге асыру жолындағы қажырлы қызметтеріңіз – Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде орнығуының негізгі кепілі. Бүгінде сот жүйесінің алдында тұрған басты міндеттің бірі – сот төрелігінің сапасын арттыру, халықтың әділетке деген сенімін нығайту, сот шешімдерінің нақтылығы мен пәрменділігін қамтамасыз ету. Бұл бағытта Судьялар одағы сіздердің кәсіби мүдделеріңізді қорғап, тәжірибе алмасу және халықаралық ынтымақтастықты дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді және жүргізе бермек.

Осы айтулы күні сіздерге және отбасыларыңызға зор денсаулық, сарқылмас күш-қуат, еңбекте толағай табыс пен бақыт тілеймін! Ел игілігі жолындағы қызметтеріңіз табысты, абыройларыңыз асқақ болсын! Әрбір қабылдаған шешімдеріңіз – әділеттіліктің айнасы, азаматтардың жүрегіне сенім ұялатар дана үкім болғай! Кәсіби мереке – Судья және сот қызметкері күні құтты болсын!

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

ПАЙЫМ

МӘРТЕБЕСІ БИІК МАНСАП

Судья мансабы – барша заңгерлік қызметтің шыңы. Содан болар, заң, құқық саласында білім алып, кәсіби біліктілігін арттырған жандардың көпшілігі сот саласында еңбек етіп, судья болуды армандайды. Осы жолда үлкен ізденіс жасап, талмай еңбектенген әріптестеріміздің көпшілігі бүгінде өз мақсатына жетіп, сот саласында сапалы қызмет етіп жүр.

Арманы адастырмаған, жүрек қалауымен келген сот құрылымының жандануына талмай үлес қосып жүрген әріптестеріміздің еңбек жолы тақтайдай түзу болмағаны түсінікті. Өйткені, судья болып тағайындалудың өзі ерекше дайындықты, жоғары білім мен білікті, шыдамдылық пен сабырлықты талап етеді. Басқа сала мамандары белгіленген мерзімде қызметке барып, өзі қызыққан қосымша іс-шаралармен айналысуға уақыт табатын болса, судьялардың әрекеті тәуліктің 24 сағатында халықтың бақылауында. Сондықтан, судьялық қызметті таңдаған жандардың бұл мәртебелі мамандықтың қызығымен қатар қиындығы да мол екенін түсінгені жөн. Мұндай ерекше қызмет судьялардан төрелік алаңында ғана емес, қызметтен тыс кезде де жоғары моральдық стандарттарды басшылыққа алып, биік парасат, терең тағылым, талассыз білімнің үлгісін көрсетуін қажет етеді. Дәл осы үдеден шығып жүрген судьялар арамызда же-

терлік. Судья – мемлекет атынан билік айтып, төрелік жасау мәртебесі берілген айрықша кәсіп иесі. Мұндай жауапты жұмыс судьялардың білімі мен білігінің жоғары болып қоймай, қоғамдағы бет-бейнесінің де мінсіз болуын міндеттейді. Судьяның қызметтен тыс кездегі лайықсыз іс-қимылы, жөнсіз айтылған сөзі жалпы сот корпусының беделіне көлеңке түсіретінін ұмытпауымыз керек. Қазақ мұндайды «бедел мысқалдап жиналады» деп жақсы түсіндірген. Ал осы қаншама абыройлы іс, ауқымды шара, жауапты қызметтің арқасында жиналған беделді жоғалту үшін бір-ақ теріс әрекет жеткілікті. Сондықтан, әрбір судья соттың беделі – мемлекеттің беделі екенін жадынан шығармауы шарт.

24 маусымның судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі ретінде бекітілуі осы маңызды да мәртебелі сала мамандарына деген қоғамның құрметінің белгісі. Барша әріптестерді кәсіби мерекемен құттықтап, халықтың алғысына бөлене беріңіздер дегім келеді.

Эльмира АЛДАБЕРГЕНОВА,
Талдықорған әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
төрағасы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ



талған. Сонымен қатар лауазымдық міндетін адал, мінсіз орындағаны үшін «Құрмет грамотасын» иеленген.

Мемлекеттік қызметте осындай қызметіне адал, үлгілі қызметкерлер арта берсін. «24 маусым – судья және сот қызметкерлерінің күні» қарсаңында осындай білікті қызметкерлерімізді мақтанышпен атап өтіп, кәсіби жолында табыс пен сәттілік тілейміз!

Риддер қалалық соты
Шығыс Қазақстан облысы

БӘРЕКЕЛДІ!

«Ынтымақты елдің ырысы мол», «Береке көзі – бірлікте» дегенді данышпан бабаларымыз тегін айтпаған. Расында да, бір мақсатқа ұйысып, бір мүддеге біріккен ұжымның алмайтын асуы, бағындырмайтын биігі жоқ. Алматы қалалық сотындағы аға буын мен кейінгі буын арасындағы жарасымды әріптестік, достық қарым-қатынас сол бірлік пен татулықтың нақты көрінісіндей.

БІРЛІГІ БЕКЕМ ҰЖЫМНЫҢ ЖЕҢІСІ КӨП



Биыл үшінші жыл қатарынан тойланғалы отырған Судья және сот қызметкері кәсіби мерекесіне Алматы соттарында еңбек етіп жүріп бастама көтергенімді айта кеткім келеді. «Судьялардың өз кәсіби мерекесі болуы керек!» деген ұсынысты бірнеше жыл қатарынан көпшілік назарына ұсынғанда, өзге әріптестеріміз де бұл ойдың орынды екенін, еліміздегі мәртебелі мамандық саналатын судьялар мен сот қызметкерлерінің төл мерекесінің белгіленбеуі үлкен кемшілік екенін айтып, пікірлес екендерін көрсетіп еді. Ақыры, айтылған ұсыныс орта жолда қалмай, 2022 жылдан бері 24 маусым – отандық судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі ретінде тойланып келеді.

Биыл үшінші жыл тойланғалы отырған төл мерекені Алматы қалалық сотының ұжымы үлкен жеңіспен, керемет жетістікпен атап өткелі жатыр. Олай дейтінім, жақында республика судьяларының кезекті спартакиадасы еліміздің төрт өңірінде

өткені белгілі. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты мен Судьялар одағы қолдау көрсеткен бұл шара барша судьялардың спорт алаңдарында табысып, бақ сынауына, әріптестік байланысты нығайтып, командалық рухты көтеруге бағытталған. Алматы, Шымкент қалалары мен Түркістан, Алматы, Жетісу, Жамбыл облысының соттарынан құралған командалар Тараз қаласында спорттың тоғыз түрінен бақ сынады. Оңтүстік өңірдегі алты аймақтық соттың судьялары тартысқа түскен бұл шара өте көңілді, әрі әділ өтті. Осы сындарлы сайыста Алматы қалалық сотының судьялары байрақты бірінші орынды қанжығаларына байлады.

Мәселен біздің бірлігі бекем командалық сайыпқыран қыз-жігіттері спорттық жарыста 6 рет жүлдегер атанып, 5 рет екінші орынды және бір рет үшінші орынды иеленді. Соның ішінде біздің команданың футболшы жігіттері бірінші орын алса, волейболдан додаға түскен әріптес-



теріміз де үздік екенін дәлелдеп, жеңіс тұғырынан табылды. Бұдан бөлек, арқан тартуға шыққан алматылық судьялар да бірінші орынға лайық деп танылса, шахматтан, дойбыдан, үстел теннисінен де әріптестеріміз команда қоржынына бір-бірден олжа салды. Шахматтан, бильярдтан, үлкен теннистен, үстел теннисінен, тоғызқұмалақтан екінші орын иеленіп, команда мәртебесін көтерген әріптестеріміз де барша марапатқа лайық. Қоржынның салмағын арттырған үшінші жүлденің біреуі бильярдтан түсті. Осы ретте Бақыт Мәліктегі ағамыз жұмысының көптігіне, қауыртығына қарамастан демей беріп, командалық рух пен жігерлілік көрсетіп қасымызда жүрді. Сондықтан команда атынан ағамызға алғысымыз шексіз.

Міне, жарысқа үлкен жауаптылықпен қарап, керемет дайындықпен келіп жеңімпаз тұғырынан көрінген барша судьялар Алматы қалалық сотының ұжымдық беделін асқақтатқаны анық. Төл мерекелері алдында осындай жоғары нәтижеге жеткен қалалық сот судьяларының жетістігі әріптестеріміздің өзіне жүктелген жауаптылықты жақсы сезініп, команда жеңісі үшін бар күш-жігерін жұмсағанын көрсетеді. Осыған орай «Спорт – денсаулықтың кепілі» екенін ұмытпай, жарысқа белсене атсалысқан әріптестерімізді кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтағым келеді. Мерекеге орай барша судьялар мен сот қызметкерлеріне спорт алаңында ғана емес, күнделікті өмірде де жеңістеріңіз мен жетістіктеріңіз көп болсын деп тілеймін!

Нұржан ҚАРАБАЕВ,
Алматы қалалық сотының
судьясы

БАЗЫНА

ТӨРЕЛІК АЛАҢЫНДАҒЫ ТЫНЫМСЫЗ ЖҰМЫС ЛАЙЫҚТЫ БАҒАЛАНУЫ КЕРЕК

Елімізді әлемнің отыз озық мемлекетінің қатарына қосуда білек түре қызметістеп жүрген әрбір кәсіп иесінің жұмысы бағалы. Осы қатарда судьялар мен сот қызметкерлерінің де үлесі қомақты. Себебі мемлекеттегі әділдік пен қауіпсіздіктің, заңдылық пен тең құқылықтың кепілі саналатын сот саласына жүктелер жауаптылық анағұрлым жоғары.

Сот – мемлекет атынан үкім айту мәртебесі берілген биліктің бір тармағы. Міне, адам тағдырына жауапты сот саласының қоғамдағы беделін айшықтап, төрелік алаңының тынымсыз жұмысына араласқан дегендердің қызығушылығын көтеру, сонымен қатар, осы салада еңбек етіп зейнетке шыққан, сот құрылымында тынбай қызмет етіп жүрген жандардың мерейін асырып, мәртебесін көтеру мақсатында 2022 жылы ел Үкіметі арнайы қаулы қабылдап, соған сәйкес 24 маусым – Қазақстан Республикасындағы судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып бекітілген еді.

Кәсіби мереке – кәсіпке деген құрметті қалыптастырады, кәсіптің қоғамдағы маңызын айшықтайды, кәсібіне шын берілген азаматтарды ардақтауға мүмкіндік береді. Еліміздің күнтізбесіне осындай айтулы күннің қосылғанына біз қуаныштымыз.

Үш жылдан бері кәсіби мерекені судьялармен бірге, сот қызметкерлері де атап өтуде. Кеңсе қызметкерлерінің жұмысы былайғы жұртқа біліне бермеуі де мүмкін. Бірақ, сот қызметкерлері – сот саласының тірегі. Сот өндірісіне түскен әрбір талап-арыз, материалдардың, сауалдар мен ұсыныстардың дер

кезінде қабылданып, уақытылы орындалуына сот қызметкерлері жауапты. Одан бөлек, кез келген сот отырысының сапалы, сындарлы ұйымдастырылуы да сот мамандарының өз ісін тыңғылықты атқаруының нәтижесі дер едік. Өйткені сот отырысына қатысушыларды дер кезінде хабардар ету, сот отырысының еш кемшіліксіз өтуіне жағдай жасау – сот қызметкерлерінің негізгі міндеті. Сот отырыстарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету де оңай шаруа емес. Осы ретте сот приставтары процеске келгендердің сот мәжіліс залына тыйым салынған заттарды алып кіруіне, ортақ тәртіпті бұзуына, өзгерлердің құқығын шектейтін әрекеттер жасауына жол бермейтінін де айта кеткеніміз жөн.

Соттағы хаттамалардың толық, сауатты толтырылуы, құжаттардың дұрыс рәсімделуі, архивте талапқа сай сақталуы да сот қызметкерлерінің жанкешті жұмысының арқасы. Көп жағдайда судьяның жұмысы, соттың бейнесі мен беделі сот қызметкерлерінің өз міндеттерін қалай атқаратынына байланысты. Сондықтан, қазақстандық соттың беделін көтеріп, халықаралық талаптарға сай дамуына үлес қосып келе жатқан әрбір сот қызметкері мақтауға әбден лайық. Әсіресе, бүкіл саналы ғұмырын сот жұмысына арнаған әріптестерімізге деген құрметіміз ерекше. Осындай мамандығына адал жандардың төрелік алаңындағы тынымсыз жұмысы лайықты бағалануы керек. Кәсіби мереке құтты болсын, қадірлі әріптестер!

Дамира ОСПАНОВА,
Алматы облысы мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
соты әкімшісінің басшысы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СОТТЫҢ ӘДІЛЕТТІ ШЕШІМІ – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақ халқының құқықтық мәдениеті мен сот жүйесі де терең тарихи тамырға, ұлттық санаға, әділдікке негізделген жолмен қалыптасты. Бүгінгі күннің құқықтық және зайырлы мемлекетінде қызмет етіп отырған сот билігі – осы тарихи сабақтастықтың, ғасырлар бойғы құқықтық жүйенің жаңғырып, жаңарған үлгісі. Тәуелсіз еліміздің сот жүйесі ежелден келе жатқан билер институтының заңды жалғасы десе, артық айтқандық болмас еді. Қазіргі сот жүйесінде кешегі қазақ халқының құқық саласындағы билердің мәртебесі мен мәнін айқындайтын бірқатар айшықты қағидаттар мен нормалар сақталған. Мәселен, «Би төрттің құлы – адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік» деген ежелгі билер ұстанған қағидат қазіргі сот жүйесінде де маңызын жойған жоқ. Қазақ елінің мыңдаған жылдардан бері ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан мемлекеттік билігінде билердің орны ерекше болған. Шынайы халықтық үлгіде құрылып, ежелден елдік әдет-ғұрыпқа негізделген дәстүрлі құқық нормаларына берік болғаны анық.

Билер қисынды ой мен ата дәстүрдің халық мойындаған құндылықтарына ғана емес, сол замандағы ірі саяси тұлғалардың басшылығымен жасалған заңдарға да сүйенді. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Әз Тәуке ханның «Жеті жарғысы» бәрі де өз заманының талаптарына сай жасалған заң жинақтары бола-



тын. Қазіргі заманғы құқықтық жүйеміз секілді, ертедегі билер де өз дәуірінде халықтың мұң-мұқтажын терең түсініп, қоғамда туындаған түрлі даулы мәселелерді – жер дауы мен жесір дауын, ар-намыс пен құн дауын – осы заңдар жинағының негізінде шешіп отырған. «Сөз атасы – Майқы би» демекші, қазақ тарихындағы алғашқы билердің бірі Майқы заманынан басталған билер жалғастығы Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің төрелігіне ұласып, олар туралы ел аузында талай әңгімелер қалды. Сонымен қатар, біздің қоғамда ертеден-ақ, билер соты

деп аталатын ел басқарудың тамаша демократиялық жүйесі қалыптасқан. Ел тарихы мен әдебиетінде Дешті Қыпшақ дәуірінде, Жошы ұлысы, Қазақ Орда-сы, одан кейінгі патшалық Ресей дәуірі кезінде қазақ арасынан суырылып шығып билік айтқан, қара қылды қақ жарып, төбелі билер төрелі сөзін жүргізгені айтылады. Әділеттің ақ туын желбіре-

тер биге қойылатын талап қашан да қатан. Бұл туралы академик Салық Зиманов өзінің төрт тілде шыққан «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» деген кітабында: «Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қолжеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқақ мұраттарының талабына жауап беру үшін билер дала даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болған», – деп жазады. Билердің сол кездегі рөлі – заңгерлік және бітімгерлік

болған. Себебі ел арасындағы даулар билер талқысына салынғанда, бір би айыптаушы, екіншісі ақтаушы, үшіншісі төреші болып, бірігіп шешкен. Сондықтан бүгінгі заманның прокуроры мен адвокаты да, судьясы да би болған. Би бір сөзбен айтқанда дау-жанжалды шешетін, кесімді төрелік айтатын, әділ үкім шығаратын адам.

Тәуелсіз Қазақстанның сот жүйесі – егемен елдің тұғырын бекіткен маңызды әрі сенімді тетік. Ежелгі антикалық дәуірден бастау алатын билер дәстүрі ғасырлар көшінде түрленіп, заман ағымына сай жаңғырып отырса да, оның түпкі мәні, басты міндеті мен асыл талаптары уақыт сынына төтеп беріп, өз негізін сол қалпында сақтап келеді. Сол себепті бүгінгі сот жүйесі қоғам өмірінің барлық саласына әсер етіп отыр. Ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын, мемлекеттік органдардың әрекеттерінің заңдылығын қадағалайтын, құқықтық тәртіптің тірегі болып табылады.

Сот – халық пен билік арасындағы сенім көпірі. Соттың әділетті шешімі – тек бір даудың ғана емес, тұтас қоғамның тұрақтылығының кепілі болып табылады. Қазіргі сот – бұл заманауи технологиямен жабдықталған, ашықтық пен жариялылықты ұстанатын, халықаралық стандарттарға бейімделген жүйе. Мемлекеттіліктің қалыптасу жолында сот жүйесі бірқатар тарихи кезеңдерден өтіп, бүгінде демократиялық, құқықтық мемлекет талаптарына жауап беретін деңгейге жетті. Көптеген сот реформалары жүзеге асырылып, судьялық кадрларды даярлау мен сот процесін жетілдіруге бағытталған жаңа нормалар енгізілді. Бұл өзгерістер сот жүйесінің сапасын арттырып, әділдікті қамтамасыз етуге үлкен ықпал етіп, халықтың соттарға деген сенімін нығайтуда маңызды рөл атқарды.

Нәтижесінде, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңдылықты қамтамасыз ету бағытында ілгерілеу байқалып, елімізде әділ сот төрелігі орнығып

келеді. Атап айтар болсақ, бүгінгі таңда еліміздегі қаралып жатқан істердің небәрі 10 пайызына ғана жоғары сатыға шағын түсіріледі. Оның өзінде сот актілерінің тек 2–3 пайызы ғана бұзылып, өзгертіледі. Ал қалған 90 пайызға жуық істер бойынша шығарылған шешімдер тараптардың келісімі мен сеніміне ие болып отыр. Бұл – сот төрелігін жүзеге асырудағы тиімділіктің, әділдіктің және қоғамның сот жүйесіне деген сенімінің айқын көрінісі деп бағалауға толық негіз бар. Бұл әділетті соттың негізгі тұлғасы – судьяларымыздың жұмысының нәтижесі деп бағалауымызға толық негіз бар.

Еліміздің тұрақты дамуына және заң үстемдігін қамтамасыз етуде судьяларымыздың атқаратын рөлі зор. Судьялардың жұмысы өте күрделі және жауапты. Олар күнделікті ауқымды іс материалдарын зерттеп, заңнамаларды талдап, әділ шешімдер қабылдауы қажет. Судьялар өздеріне жүктелген аса жоғары жауапкершілік пен шамадан тыс жұмыс көлеміне қарамастан, кейде түннің бір уақытына дейін сот төрелігін жүзеге асыру жолында табанды еңбек етіп, әр істің әділ де сапалы шешілуі үшін бар күш-жігерін жұмсап келеді. Бұл – олардың кәсіби адалдығының, азаматтық ұстанымының және әділетке деген берік сенімінің жарқын көрінісі.

Сот жүйесінің тұрақты дамуы – құқықтық мемлекеттің негізі. Қоғамның сотқа деген сенімі – бұл халықтың мемлекетке деген сенімі. Сенім жоқ жерде тұрақтылық болмайды. Ал сенім тек әділет арқылы қалыптасады. Әрбір судьяның адалдығы мен әділеттілігі ел ертеңінің айнасы. Қоғамда әділет үстемдік құрса, мемлекет гүлденеді, халықтың сенімі бекиді. Ал бұл сенімнің жүгін арқалап отырған сот жүйесі – ең жоғары құрметке лайық.

**Досжан ӘМІР,
ҚР Жоғарғы Сотының
судьясы,
ҚР Судьялар одағының
төрағасы**

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

Қазіргі мемлекеттік қызмет жүйесінде әдеп, адалдық және ашықтық мәселелері барған сайын өзекті бола түсуде. Осы міндеттерді орындау үшін 2016 жылы ҚР Әдеп жөніндегі уәкілдер институты енгізілді. Бұл институт қысқа мерзім ішінде мемлекеттік басқару жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды.

ӘДЕП – МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ



Әдеп жөніндегі уәкіл – бұл мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын, мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың бұзылуының алдын алуды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды қамтамасыз ететін мемлекеттік қызметші. Сондай-ақ ол мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес беріп, олардың құқықтарын қорғауға ықпал етеді.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметінде «Мемлекеттік қызмет туралы» «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарды, Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін және әдеп жөніндегі уәкіл туралы ережені басшылыққа алады.

Бүгінгі таңда Алматы қаласының мемлекеттік органдарында Әдеп

жөніндегі уәкілдің функцияларын 33 мемлекеттік қызметші атқарады. Қызметтік этика нормаларының сақталуына, сондай-ақ моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйіне мониторинг жүргізу мақсатында ұжымда 2000-нан аса қызметші арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері мемлекеттік органдарда тұрақты қолайлы моральдық-психологиялық ахуал орнағанын көрсетті.

Әдеп жөніндегі уәкілдерге жүктелген негізгі функциялардың бірі мемлекеттік қызметшілерге консультациялық көмек көрсету. 2025 жылдың I жартыжылдығында Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін қолда-

ну мәселелері бойынша ӘЖУ-мен түсініктеме беру арқылы барлығы 270-ке жуық консультациялық көмек көрсетілді.

Әдеп жөніндегі уәкілдердің рөлі әдептік бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық қаупі жоғары сала-

ларда ерекше маңызды. Бұл бағытта уақытылы әрекет ету жағымсыз салдардың алдын алып, мемлекеттік органдардың беделін сақтауға көмектеседі.

Әдеп жөніндегі уәкілдер мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманың талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін мүлтіксіз сақтау қажеттілігін түсіндіруге, сондай-ақ мемлекеттік органның ішкі тәртіп нормаларымен танысуға бағытталған жұмыс жүргізеді. 2025 жылдың I жартыжылдығында 500-ден астам қызметшіні қамти отырып, түсіндіру іс-шаралары жүргізілді.

Ашықтық, заңдылық және кәсіби мәдениет қағидаттарын насихаттай отырып, Әдеп жөніндегі уәкілдер мемлекет пен азаматтар арасындағы сенімді нығайтуға үлес қосады.

Қазақстанның әрбір азаматы Әдеп жөніндегі уәкілдерге жүгініп, кеңес ала алады. Әдеп жөніндегі уәкілдердің байланыс нөмірлері мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында орналастырылған.

**Д. ОЛЖАБАЕВ,
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің
Алматы қаласы бойынша
департаментінде
Мемлекеттік қызмет
саласын бақылау
басқармасының
бас маманы**

МӘРТЕБЕ

ЕЛ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Маусым айының 24 жұлдызы елімізде Судья және сот қызметкерлерінің күні ретінде атап өтіледі. Бұл – заң үстемдігін қамтамасыз етіп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда аянбай еңбек етіп жүрген жандарға құрмет көрсету күні.

Сот – мемлекеттегі әділдік пен тәртіптің кепілі. Заңның орындалуын қадағалап, әрбір даулы мәселеге бейтарап әрі негізді шешім шығаратын сот жүйесі – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың ең маңызды құралы.

Судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсібилігі, адалдығы, тәуелсіздігі – қоғамдағы сенімнің негізі. Судья болу – тек лауазым емес, бұл – биік моральдық міндет пен үлкен сын. Бұл – үлкен біліктілікті, тиянақтылықты және адами парасаттылықты талап ететін күрделі еңбек. Ал, сот қызметкерлерінің күнделікті жұмысы көп жағдайда көзге көрінбегенімен, оның қоғам тыныштығы мен азаматтар құқықтарының қорғалуындағы орны ерекше. Жауапкершілік пен ұқыптылықты, жоғары біліктілік пен сабырлылықты талап ететін абыройлы міндет. Әрбір құжат, әрбір іс – адамның тағдырымен тығыз байланысты. Сондықтан да бұл салада еңбек ету – жай ғана жұмыс емес, бұл – әділеттілікке қызмет ету миссиясы.

Істерді тіркеуден бастап, отырыстарды ұйымдастыру, құжат айналымын жүргізу, сот процесінің уақытылы және дұрыс өтуіне жағдай жасау – бәрі де сот мамандарының жауапкершілігіне жатады. Әрбір іс қағаздың артында адам тағдыры, отбасы, құқық, әділдік тұр. Сол себепті сот саласында еңбек ететін әрбір қызметкердің ұқыптылығы, адалдығы мен кәсібилігі – мемлекетке деген сенімді арттыратын факторлардың бірі.

Сот қызметкерлерінің еңбегі – үлкен құрметке лайық. Олар тек техникалық немесе ұйымдасты-

рушылық міндеттерді атқарып қана қоймай, сот жүйесінің тиімді және ашық болуына үлес қосып келеді. Қоғамның сотқа деген сенімі – осы қызметкерлердің мәдениеті мен кәсібилігіне де тікелей байланысты екенін ұмытпауымыз керек.

Бүгінгі таңда сот жүйесі заманауи талаптарға сай жаңарып, халыққа қолжетімді әрі ашық бола түсуде. Осы үдерістің сәтті жүзеге асуына үлес қосып жүрген жандардың ерен еңбегін бағалау күні. Сондықтан сот саласындағы қызметкерлердің еңбегін жоғары бағалау – олардың кәсіби мәртебесін көтеріп қана қоймай, жалпы әділдік пен заңның үстемдігін нығайтуға бағытталған қадам.

Құрметті судьялар, әріптестер! Осы кәсіби мереке қарсаңында әділет жолында аянбай еңбек етіп жүрген барлықтарыңызға зор алғысымызды білдіреміз. Қиындығы мен жауапкершілігі қатар жүретін бұл қызметтегі сабырларыңыз, әділ шешімдеріңіз, заң алдындағы адалдығыңыз әрдайым ел мүддесіне қызмет ете берсін!

**Сания АЙДАРБАЕВА,
Атырау облысы көмелетке
толмағандардың істері
жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық соты
әкімшісінің басшысы**

ТАҒЫМ

Бүгінгі заман – ой мен өрісті, ізденісті талап ететін және ғылыми жаңалығы көп жаңашыл кезең. Осы кезеңнің сатылай дамуына, қалыптасуына өзіндік үлесін қосқан Мемлекет және құқық ғылыми-зерттеу институтының директоры, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Ғайрат Сапарғалиев болатын. Ғайрат Сапарғалиұлы еліміздің заң ғылымын дамытуға және тәуелсіз Қазақстан



ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Ғайрат Сапарғалиев кеңес өкіметінің дәуірінен тұрған тұсында отаршылдықтың зардаптары туралы ғылыми еңбек жазды. Ұлттың мүддені ұстап, Алаш зиялыларының саяси-құқықтық қозғалыстарын зерттегені үшін құдалауға түсті. Ол өмірде де, ғылымда да қайталанбас құбылыс болды. Ғайрекең еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін үздіксіз ізденіп, үрейін жазумен болды. Ол мектептің жоғары сынып оқушыларына арналған «Мемлекет пен құқық негіздері» атты түңғыш оқулықтың, құқықтық жоғары оқу орындарына арналған «Конституциялық құқық» оқулығының авторы атанды.

заңнамасының қалыптасуы мен нығаюуына үлкен еңбек еткен академик. Ғалым 1930 жылғы 26 маусымда Семей қаласында дүниеге келді. 1952 жылы Саратов заң институтын, 1955 жылы КСРО Ғылым академиясы Құқық институтының аспирантурасын бітірді. 1967 жылы «Қазақстандағы революциялық-азаттық қозғалысына қарсы патша үкіметінің жазалау саясаты» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (1989), академигі (2003) болып сайланды.

Ғ.Сапарғалиев 1955–1992 жылдарда Қазақ КСР Ғылым академиясында түрлі жауапты қызмет атқарды. Философия және құқық институтының ғалым-хатшысы, аға ғылыми қызметкері, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары болып қызмет істеді. 1992–2000 жылдарда Алматы мемлекеттік университетінде заң факультетінің деканы, Қазақстан Ғылым академиясы жанындағы Мемлекет және құқық институтының директоры, Қазақ гуманитарлық заң академиясының Мемлекет және құқық институтының директоры болды. Соңғы жылдарда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Мемлекет және құқық институтының директоры болып қызмет істеді. ҚР Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі болды.

Ғайрат Сапарғалиев бүкіл саналы ғұмырын заң ғылымына арнаған нағыз ғалым, ардақты азамат, ұлағатты ұстаз ретінде халыққа танылды. Мемлекет пен құқықтың тарихы мен теориясын, конституциялық құқық пен құқықтық педагогиканың мәселелерін зерттеп, отандық заң ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Кезінде Кеңес Одағындағы заң саласы бойынша ең жас ғылым докторларының бірі атанып, ғылымдағы аса биік беделге ие болды.

Ғ.Сапарғалиевтің барлық зерттеулері елдік мүддемен, ұлт мәселесімен толық үйлесім тапты. Кеңестік жүйенің өзінде Ресейдің отарлау саясаты туралы ғылыми еңбек жазып, өзінің азаматтық ұстанымын танытып, қайраткерлік биікке көтерілді. Ол тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуына, Қазақстанның Ғылым академиясының Философия және құқық институтын, заң саласы бойынша білім беретін жоғары оқу орындарын өркендетуге зор үлес қосты. Қазақстан Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, Қазақстанның құқықтық саясат тұжырымдамасын әзірлеуге белсене қатысты.

Білікті ғалым «Советтік Қазақстанның мемлекеттік және құқықтық тарихы», «Революцияға дейінгі Қазақстандағы жер аударылған поляктардың қоғамдық-саяси қызметі», «Қазақстанның мемлекеттік және құқықтық негіздері», «Қазақстандағы конституциялық құрылыстың орнауы», «Қазақстан Республикасындағы конституциялық құқық» атты оқулықтар мен монографиялардың және 400-ден астам ғылы-

ми еңбектің авторы. Ол алты ғылым докторын және қырықтан астам ғылым кандидатын дайындады.

Ғайрат Сапарғалиев ғылымдағы табысты еңбегі үшін «Құрмет» орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, Польша Республикасы Сейімінің ескерткіш медалімен марапатталған. Көрнекті құқықтанушы, талантты ұйымдастырушы, білікті ғалым Ғайрат Сапарғалиевтің жарқын бейнесі оны білетіндердің есінде әрдайым сақталады.

Ол қазақ ғылымының тарихында есімі алтын әріппен жазылатын заңгер болды. Бұрынғы одақтың құқықтанушы ғалымдары арасында талассыз мойындалған тұлғаға айналды. Қазақстанның Конституциясын әзірлеуге, еліміздің мемлекеттілігін қалыптастыруға, құқықтық саясат тұжырымдамасын жасауға үлкен үлес қосты.

Ылғи да ағысқа қарсы жүзді. Кеңес өкіметінің дәуірлеп тұрған тұсында отаршылдықтың зардаптары туралы ғылыми еңбек жазды. Ұлттық мүддені ұстанып, Алаш зиялыларының саяси-құқықтық көзқарастарын зерттегені үшін құдалауға түсті. Ол өмірде де, ғылымда да қайталанбас құбылыс болды. Ғайрекең еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін үздіксіз ізденіп, үдетіп жазумен болды. Ол мектептің жоғары сынып оқушыларына арналған «Мемлекет пен құқық негіздері» атты түңғыш оқулықтың, құқықтық жоғары оқу орындарына арналған «Конституциялық құқық» оқулығының авторы атанды.

Қолданыстағы Конституциямызды әзірлеген ғылыми кеңесші топты басқарып, еліміздің қоғамдық-саяси өміріне де белсене араласты. Ғайрат Сапарғалиев ғылымда аса биік беделге ие болды. Біздің де заң ғылымының жолына түсуімізге осындай ардақты ағаларымыздың үлгі-өнегесі ықпал етті. Ол соңына қазақ ұлтының мәңгілік рухани қазынасына айналатын өміршең ғылыми еңбектер қалдырды. Қазір Ұлттық Ғылым академиясының академигін жоғалту ұлылықты жоғалтқанмен бірдей. Біз бірақ оның алтын қазынасын жоғалтқанымыз жоқ. Академиктің еңбектері еліміздің игілігіне айнала бермек.

Заңгер-ғалым, академик ретінде ол республика ғылымына үлкен үлес қосты. Талай адамға қамқорлық танытты. Ол – заңгер, мен – тарихшы болсақ та, тығыз араластық. Бәлкім, оған ғалым ретінде зерттеген тақырыптарының да әсері болған шығар. Ғайрекең патша үкіметінің Қазақстандағы жазалау саясатын құқықтық тұрғыда зерттеп, бұл жөнінде докторлық диссертация да қорғаған. Ал бұл ұлт-азаттық қозғалысын зерттеген тарихшыға да керек-ақ. Әңгіме мұнда ғана емес-ау, кейде бір салада еңбек етіп жүргендер де бір-бірімен тіл табыса алмай жатады. Ал Ғайрекең болса, ақ көңілін білдірген адамға әрқашан құшағын айқара ашып тұрар еді. Әрине, жұрт, ең алдымен академик Ғайрат Сапарғалиевті тәуелсіздікке қолы жеткен еліміз заңнамасының қалыптасуына айрықша еңбек еткен адам ретінде біледі. Сондықтан да болашақ ұрпақ оны ұмытпайды.

А.ИСАБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде
Заң факультетінің доценті

ПАЙЫМ

Астана – елдің саяси-экономикалық дамуының, мәдени-әлеуметтік өсуінің орталығы боп қоймай, тазалықты мінсіз сақтаудың, қоршаған ортаны қадірлеудің үлгісіне айналуы тиіс. Бұл биік міндетті талай уақыттан бері бас қаладағы «Астана тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі талапқа сай атқарып келеді.

ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАЙТЫН КЕЗ КЕЛДІ

Шындығында елордада Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, коммуналдық қалдықтарды жинау және шығарумен 31 кәсіпорын мен ұйым айналысады. Біз сөз етіп отырған «Астана тазалық» сол қала тазалығына жауапты мекеменің біреуі ғана. Бірақ, дәл осы ұжым атының жиі аталып, үнемі көпшілік аузында жүретіні тегін емес. Себебі «Астана тазалық» өзіне жүктелген істі жауапты атқаруымен көпшіліктің көңілінен шыққан мекеме.

«Мәдениет қашанда әрекетпен өлшенеді. Адамның мәдениеттілігі оның сөйлеген сөзімен емес, күнделікті өмірде жасаған әрекетімен анықталады. Көше шетінде тұрған қоқыс жәшігіне бір қағазды апарып тастау – бір адамның ісі ғана. Бірақ осындай әрекетті мыңдаған адам қайталағанда, бүкіл қаланың бизнесі өзгереді. Бұл – қарапайым, бірақ өте маңызды заңдылық. «Жаман әдет – жұқпалы, жақсы әдет – үлгі» деген қасиетті қағида бар. Сондықтан елімізде «Қала тазалығы» туралы заң жобасын әзірлейтін уақыт келді. Тиісті министрлік бастама көтерсе, бұл іске өз үлесімізді қосуға әрқашан дайынбыз. Аталған заңның басты мақсаты еліміздегі қалалар мен елді мекендерде санитарлық тазалықты қамтамасыз ету, экологиялық мәдениетті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту болуға тиіс. Заң жобасына қоқыс тастау, қоғамдық орындарды ластауға нақты айыппұлдар жүйесін енгізу, мектеп, ЖОО, БАҚ арқылы экологиялық білім беруді күшейту, қалаларда қалдықтарды сұрыптау инфрақұрылымын дамыту туралы арнаулы баптар енгізілуі қажет», – дейді «Астана тазалық» ЖШС-ның бас директоры Замир Сағынов.

Мың жұмысшыны тоғыстырған мекеме

Басшының айтуынша, тарихы 2008 жылдан басталатын бұл ұжымда 2 мыңға жуық адам қызмет етеді. Серіктестік қызметкерлерінің жартысына жуығының еңбек өтілі 1 мен 5 жылдың аралығында болса, 10 пайызының өтілі 5-тен 10 жылға дейін, 8,6 пайызының еңбек өтілі 10-нан 15 жылға дейін, 8 пайызының өтілі 15 жылдан жоғары екен. Бір кездері адасып түрлі саладан нәпақа іздеген адамдардың әрқилы жағдайда бір ұжымда бас қосып, қыстың қақаған аязы мен жаздың шіліңгір ыстығын елең қылмай жүргені мамандықтың жақсы не жаманы жоғын еріксіз мойындататын көрініс.

Бастапқы кезде бас қала әкімдігінің бастамасымен құрылған кәсіпорынның негізгі құрылтайшылары қалалық отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы (80 %) мен «Астана қалалық коммуналдық шаруашылық» АҚ (20 %) болды. Ал 2011 жылдан бері қалалық отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы кәсіпорынның 100 пайыз акциясына ие. Осыған қарамастан «Астана тазалық» өзін-өзі қаржыландыру қағидасымен жұмыс істейтін шаруашылық есептегі кәсіпорын болғандықтан қалалық бюджеттен қаржыландырылмайтынын атап өткен артық болмас.

Коммуналдық сала қызметкерлерінің мәртебесін айқындау маңызды

Астана қаласының ғана емес, еліміздің барлық өңіріндегі коммуналдық қалдықтарды жинау

және шығарумен айналысатын 811 кәсіпорын мен ұйымның қазіргі таңдағы басты мәселесі тұрғындардың қоршаған ортаны сақтауға қатысты мәдениетін көтеру болып отыр. Өйткені жұртшылық арасында әлі күнге дейін коммуналдық қызмет салаларында еңбек ететін мамандарға қатысты көзқарас әлі төмен. Көпшілік бұл мамандыққа негізінен жоғары білімі мен мамандығы жоқ, тұрмысы төмен адамдар немесе өзге елдерден жұмыс іздеп келген мигранттар ғана барады деп ойлайды. Алайда коммуналдық қызмет дамушы елдердің бәрінде еңбек нарығындағы жаһандық ықпалдастыққа ең алғаш бейімделген сала болып саналады. Онда ешкім ешкімді ұлтына, дініне, жынысына қарай бөлмей, бәрі бір ұжымның тату мүшесіне айналған. Өйткені мұнда әрбір қызметкер өз еңбегінің нәтижесін күнделікті көріп, өзі қызмет ететін саланың қоғамдағы рөлі өзгелерден ерекше екенін басқалардан жақсы біледі.

Мәселен, қыстағы қалың қар уақытылы тазаланбаса, жолаушылар мен қоғамдық көліктердің қозғалысы қиындап, кез келген қаланың күнделікті тіршілік ырғағы бұзылады. Өкінішке қарай өзгелер секілді тәуліктің белгілі бір уақытында ғана емес, табиғаттың төтенше жағдайы кезінде күн-түн демей, бір емес бірнеше ауысымда жұмыс жасайтын коммуналдық қызмет жұмысшыларының еңбегі барлық уақытта бірдей ескеріле бермейді. Кейбір елдерде олардың әлеуметтік мәртебесі заңмен бекітіліп, бірқатар жеңілдіктер жасалған. Қазақстанда соңғы жылдары мұғалім, дәрігер мәртебесі туралы қоғамда көп қозғалды да, коммуналдық қызметкерлер жайы назардан тыс қалып қойды. Қоғамдық мәртебе мұғалім, дәрігер, жазушы, журналист, ақын, ғалымға ғана емес, қарапайым еңбек адамынан басталу керек екенін көп адам түсінбеді. Өйткені қоғамда қандай да бір мамандыққа ерекше мәртебе берілетін болса, бұл мамандық таңдауына кері әсер ететінін бәріміз көріп ғана қоймай, оның салдарымен әлі күресіп жүрміз. Жыл сайын олардың жоғары оқу орындарында тегін оқуы үшін бөлінетін мемлекеттік гранттардың дауы әлі басылмай келе жатқаны сондықтан.

Көше тазалағандар еңбегі дәріптелуі тиіс

Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаған кезде бұл жаңалыққа ең бірінші қуанғандардың бірі коммуналдық сала қызметкерлері болды. Өйткені еңбек адамы деген кезде ең алдымен көше тазалаушының жұмысы лайықты бағаланып, дәріптелуі тиіс болатын. Өйткені қала тұрғындарынан бастап республиканың түкпір-



түкпірінен және шет елдерден келетін қонақтар мен саяхатшылардың көңіл-күйінің көтеріңкі болып, қала мен

мемлекетке, оның халқы мен мәдениетіне қатысты пікірі мен көзқарасының жақсы болуына көше тазалықшыларының қосар үлесі зор.

Бұл бағытта соңғы жылдары әр өңірде түрлі шаралар ұйымдастырылып жатқанымен, оның бәрі әлі белгілі бір жүйеге түсе алмай жүр. Әркім өз мүмкіндігіне қарай сала мамандарын қолдауда. Алайда бұл тұрмысты сана билеген кезеңдегі қоғамның бойына сіңген теріс әдеттерден толық арылуға мүмкіндік бермеуде. Еңбек нарығындағы қазіргі жағдай «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті» дегенді айқын көрсетіп отыр. Бір кездері қарапайым жұмысшы болғым келмейді деп, кейбіреуі бір емес бірнеше жоғары оқу орнын бітірген мыңдаған «дипломды мамандардың» өз елімізде жұмыс таппады деп теңіздер мен мұхиттарды басып өтіп АҚШ, Англия, Корея сияқты елдерде құлпынай теріп, ешкі бағып, егістікке қарауыл болып жүргенін әлеуметтік желіде жарыса жариялауда. Алайда одан кім, қандай сабақ алды дегенде көңіл қуантарлық өзгеріс аз.

«Астана тазалықта» Әлем кубогының жеңімпазы қызмет жасайды

Наурыз айының 6-11 аралығында Италияның Лидо ди Езоло қаласында кикбоксингтен Әлем кубогы өтті. 46 мемлекеттен 429 спортшы қатысқан бұл байрақты бәсекеде Қазақстан құрамасының мүшесі, «Астана тазалық» мекемесінің қызметкері Бибарыс Сауханбек қола жүлде иегері атанды. Спорттың бұл түрімен 14 жылдан бері айналысып жүрген ол халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Бұған дейін Қазақстан чемпионатының 4 дүркін және түрлі халықаралық турнирлердің жеңімпазы болып, 2021 және 2023 жылдары Әлем кубогының қола жүлдегері атанған болатын. Чемпионның ағасы, Сауханбек Жансерік Кенжежанұлы да «Астана тазалық» мекемесінде қызмет етеді және жастайынан еркін күреске қатысып, түрлі республикалық жарыстардың жүлдегері атанған. Ал әкесі Кенжежан Сауханбекұлы осында арнайы техниканың жүргізушісі болып еңбек етуде. Яғни, чемпиондардың да таңдауы – «Астана тазалық».

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



СҰХБАТ

— **Еркеш Маукенқызы, алдымен төл мерекенізбен құттықтаймыз. Қиындығы мол судьялық қызметіңіз жемісті, абыройлы болсын!**
— Үлкен рақмет!

— **Елімізде сот төрелігін толыққанды әділ жүргізу қаншалықты мүмкін? Жалпы, судья қандай болу керек?**

— Әділ және тәуелсіз сот жүйесі — қоғамдағы тұрақтылық пен әділдікті қамтамасыз етеді. Судья болу — үлкен жауапкершілік. Судья білімді әрі білікті болып, өз қызметінде заңды дұрыс қолдана білуі керек. Сонымен қатар бұл лауазым иесі адал, сыпайы, сабырлы, салмақты, яғни мінез байлығын иеленуі тиіс. Судья өз қызметінде абыройына нұқсан келтіретін әрекеттерден аулақ болуы керек. Кез келген қылмыстық істі қарауда, дауларды шешуде судьяның қызмет тәжірибесі де айрықша рөл атқарады. Мысалы, жуықта барлықтарыңыз Шерзат Полаттың өліміне қатысты онлайн сот отырысын көрдіңіздер. Сот отырысы барысында кей азаматтар төраға неге кісі өлтіргендермен жылы сөйлесіп отыр, оларға тіпті ескерту де жасамайды деген мағынада көптеген пікір айтып жатты. Төраға қылмыс жасаған тұлғаға ұрсып, азаматтық ар-намысына тиіп немесе тәрбиелеуге тырыспауы тиіс. Сот отырысына қатысып отырған барлық тараптарға құрметпен қарап, процессуалдық заңда көрсетілген тәртіптерді сақтап, тек тиісті талап аясында әрекет етуі керек. Қылмыс жасағанның да, жәбірленушінің де заңды құқықтарының сотта сақталуын төраға қамтамасыз етеді.

— **Еліміздің сот жүйесінде кассациялық сот сатысы жаңа мазмұнға ие болып, оған жүктелетін міндеттер ауқымы кеңейді. Осы жайлы толық мағлұмат беріп, бұл қаншалықты дұрыс қадам болғанын айтып берсеңіз. Кассациялық соттың құрылуымен не өзгереді?**

— Иә, биыл 1 шілдеден бастап елордада 3 (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік) кассациялық сот өз жұмысын бастайды. Кассациялық соттар жергілікті соттардың шығарған сот актілерін тараптардың шағымы бойынша қайта қарап, оларға құқықтық баға береді. Кассациялық соттарды құру Президентіміздің бастамасы. Бұл сұрақ бизнес өкілдерімен кездесу барысында көтерілген. Қазір Жоғарғы Сот кассациялық тәртіппен істерді қарап жатыр. Қайта қарау



Еркеш МАУКЕНҚЫЗЫ, Жоғарғы Сот судьясы:

«ӘР ШЕШІМНІҢ АРТЫНДА АДАМ ТАҒДЫРЫ ТҰР»

1 шілдеден бастап елордада 3 (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік) кассациялық соттар өз жұмысын бастайды. Кассациялық соттар жергілікті соттардың шығарған сот актілерін тараптардың шағымы бойынша қайта қарап, оларға құқықтық баға береді. Ал кассациялық соттарда алдын ала қарау болмайды, «тұтас кассация» тәртібі бойынша, яғни барлық шағымдар үш судья құрамымен сот отырысының талқылауына ұсынылады. Кассациялық сатыдағы сотта іс алты айдан аспайтын мерзімде қаралады.

— **Бұл орайда әлемдік тәжірибе қаншалықты ескерілді?**

— Әлемдік тәжірибеге қарасақ, ең алғаш кассациялық соттар Франция мемлекетінде XIV ғасырда пайда болған. Ол кезде жоғарғы сот сатысы төменгі соттың шешімін бұзуға құқылы болған. Осы Францияның кассациялық сот жүйесін бүгінде

бірқатар елдер пайдаланып отыр. Егер Италия мен Франция мемлекетін алатын болсақ, онда кассациялық сот ең жоғарғы сот болып есептеледі. Мысалы, кассациялық сотта қаралған үкім қайта талқыланбайды. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, кассациялық өндірістің екі моделі бар. Ол «жаппай кассация» және «таңдап алу» арқылы сот актілерін қайта қарау. Жаппай касса-

ция тәртібі бойынша тұлға кассациялық сотқа жүгінеді, кассациялық өндіріс қозғалады, кассациялық сатыға тараптар шақырылып сот отырысы өтеді, сот актісі қайта қаралады.

— **Бұған дейін осы қызметті атқарып келген Жоғарғы Соттың ендігі рөлі қандай болады?**

— Жоғарғы Сот сот практикасын зерделейді, оған қорытындылар жасайды, нормативтік қаулылар шығарады, оларға тиісті өзгертулер мен қорытындылар енгізеді, судьяларға тәжірибелік көмек көрсетеді. Жоғарғы Сотта істерді тек айрықша жағдайларда қайта қарауы мүмкін. Процессуалдық заңда оның тәртібі толыққанды көрсетілген.

— **Қылмыстық істердің бүгінде ауқымы да, сипаты да өзгергені анық. Қазіргі таңда қандай істер көп? Оларды қараудың тәжірибесі қаншалықты жетілді? Қылмыстық істерді қараудың қиындығы неде?**

— Қылмыстық істерді қарау оңай емес. Себебі әрбір қылмыстық істің артында адамның тағ-

соңғы бес айда қылмыстық істердің сотқа түсуі көбейді. Қылмыстардың түрлеріне саралау нәтижесінде бұзақылық жасағандар, есірткі заттарын сақтап, сатуға қатысты қылмыстық істердің саны көбейгені белгілі болып отыр.

— **Сот саласы тәуелсіздік алған жылдар ішінде қаншалықты өзгерді? Қандай реформалармен мақтана аламыз? Әлі де шешімін күткен мәселелер бар ма?**

— Қазіргі таңда сот саласында көптеген реформалар жүргізіліп жатыр. Олардың барлығы азаматтардың құқықтарын қорғауға, сот төрелігін қолжетімді етуге, судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге, олардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Осы мүмкіндікті пайдаланып, бастамалардың кейбіріне тоқтала кетейін. Жалпы, үш дербес кассациялық соттың құрылуы адамдардың сот төрелігіне қолжетімділігін кеңейтеді.

Мысалы, бүгінде апелляциялық сатыдағы соттың рөлі күшейді. Қазір апелляциялық сатыдағы сот қылмыстық істерді қарау барысында істі бірінші сатыдағы сотқа қайтара алмайды, өзі шешім қабылдап, нүктесін қояды.

Одан басқа, аудандық соттың төрағалары сол соттың судьяларының ішінен жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Бұл сот төрағасын сайлау процесінің ашықтығын көрсетеді. Судьяларды дайындайтын Академия Жоғарғы Соттан Жоғары Сот Кеңесіне, яғни басқа мемлекеттік органға берілді. Бұл судьялардың тәуелсіздігін нығайтуға үлкен әсерін тигізеді.

Жоғарғы Соттың бастамасымен Астанада пилоттық жоба-электрондық бақылауды (электронды білізектер) кеңінен қолдану жүріп жатыр. Мысалы, қылмыс жасады деп күдікті ретінде түскен адамға электронды білізектер орнату арқылы ұйқамақ бұлтартпау шарасы қолданылады. Бұл азаматтар үйренген өмір салтын жалғастырады, жұмысынан қол үзбейді, отбасымен бірге болады.

Сонымен қатар сот саласында жаңа технологияларға аса үлкен көңіл бөлініп отыр, цифрлық және смарт соттар бүгінде сот қызметінің бөлінбес бөлшегіне айналды. IT технологияларын қолдануда біздің ел үлкен жетістіктерге жетіп, алдыңғы төрттікке кірді. Жетістіктерді өз көздеріңізбен көрулеріңіз керек. Біздің есігіміз әрдайым ашық, келіп тамашалаңыздар.

Жалпы сот саласы да уақыт ағымымен жаңарып, жаңғырып келеді. Бұл үрдіс ешуақытта тоқтамайды.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

МЕРЕЙ

Тәуелсіздік алғалы еліміздің сот жүйесі жаңғыртудың бірнеше кезеңінен өтсе, соның әрбір сәті қазақстандық әділ сотты қалыптастыру жолындағы тынымсыз ізденістер мен батыл бетбұрыстарға толы болды. Сала жұмысына жаңа форматтар енгізіліп, оларды жетілдіруге бағытталған заңдар қабылданды. Нәтижесінде ел соттары мамандандырылып, судьялардың тәуелсіздігі күшейтілді. Алқабилер, Медиация, Әкімшілік әділет, т.б. институттар қалыптасты. ҚР Конституциялық Соты құрылды. Бірінші шілдеде Елордада дербес кассациялық соттар жұмысын бастайды. Қазақстандық соттардың әлеуеті заңдық, кәсіби біліктілік тұрғысынан ғана емес, материалдық, әлеуметтік жағынан да жылдан-жылға артты.

Адамның құқығы мен бостандығы, заңды мүддесі заңы үстем, соты әділ елде ғана кіршіксіз қорғалады. Бұл мемлекеттің тұрақтылығы мен қоғамның жарқын болашаққа деген сенімі судьялардың кәсіби шеберлігі мен әділдігіне тікелей байланысты екенін көрсетеді. Соттар бүгінде өздерінің адал қызметі арқылы осы талаптар үдесінен шығуда.

Мұны айтып отырғанымыз, мәртебесі қаншалықты биік болса, жауапкершілігі одан да жоғары соттар қауымының кәсіби

мерекесі күнтізбеге еніп, 24 маусым — «Судья және сот қызметкерлері күні» болып бекітілді. Бұл қадамды үшінші билік өкілдеріне ғана емес, жалпы сот төрелігіне, ұлтымздың Төле би бастаған ұлы билеріне көрсетілген үлкен құрмет ретінде бағалауға болады.

Кәсіби мерекенің 24 маусым болып белгіленуінің тарихын да айтып өткен артық болмас. Бұл «Қазақ КСР сот құрылысы туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуімен байланысты. Осы заң 1992 жылы толықтырылып, онда елде сот төрелігін тек қана соттың жүзеге асыратыны, сондай-ақ, ҚР Жоғарғы Соты мен облыстық, қалалық, аудандық және жаңадан құрылған әскери соттар Қазақстан соттары болып табылатыны айқындалды.

Адамның мамандық таңдауда, яғни, өмірлік кәсібін дәл табуда қателеспеуі оның бүкіл ғұмырына әсер етері хақ. Осы ретте кәсіби мерекелердің әр сала маманының мәртебесін көтеріп, оның қоғамдағы орнын айқындайтын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Мысалы, атаулы күні сала жұмысымен қатар, оның иелерінің еңбегі жан-жақты насихатталады. Бұл өз кезегінде жастардың сол мамандыққа деген қызығушылығын оятып, келешегіне нақты мақсат қоюына ықпал етеді.

Заң ғылымдарының корифейі Салық Зиманов «Би — дала төсіндегі әділдіктің басты жаршысы, қара қылды қақ жарған төреші, үлгілі жол-жоралғыларды түзе білген заң шыға-



Талгат Орынғали,
Наурызбай аудандық сотының төрағасы

рушы, өрелі сөзді өрнектеген ақын, қызыл тілдің тезімен талайды пәтуаға келтірген ше-

шен, қысылтаяң тұста тіл қаруы мен найзасын қолына қатар ұстаған батыр» деп қара қылды қақ жарған қазақ билерінің бітім-болмысын ашып берді. Сол билердің жалғасы қазіргі судьялар осы критерийлерге сай болуға өздерін тәрбиелеуі керек.

Судья әдебінің кодексіне сәйкес, әрбір судья қоғам өкілдерінің сот жүйесіне деген сенімін нығайту мақсатында тәртіптің жоғары әдептілік стандарттарын ұстануға және жетілдіріп отыруға міндетті. Судьялыққа үміткерлер мен қызметте жүргендер халыққа адал қызмет ұстанымын нық ұстанса әділдік өз-өзінен орнайды.

Дана халқымызда «Ел сенімі — ең қымбаттың!» деген сөз бар. Елдің риясыз сеніміне ие болу үшін әрбір судья тура жолдан жаңылмауға, ақиқаттан ауытқымауға міндетті. Сонда ғана діндеген межеге жетеміз.

Наурызбай аудандық соты ұжымының атынан кәсіби мерекеді әріптестеріме, сот жүйесінің барлық қызметкерлеріне бейнеттің зейнетін көру бақытын тілеймін. Шаңырақтарыңызға құт-береке орнасын!

28 маусым БАҚ өкілдерін де кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Соттардың да, журналистердің де көздегені бір мақсат, ол қоғамымызда заң үстемдігін орнатып, құқықтық мемлекет құру. Осы мақсат жолындағы еңбегіміз еселене берсін! Толағай табыстар тілеймін!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Сот – әділеттіліктің соңғы мекені. Қоғамның заңға деген сенімі де, мемлекеттік жүйеге деген құрметі де көбіне сот төрелігінің әділдігіне байланысты қалыптасады. Ал бұл миссияны абыроймен атқарып жүрген тұлғалардың бірі – тәжірибелі судья, әділет саласында 40 жылға жуық уақыт қызмет еткен ардагер Әділ Құрықбаев.

ЖАС СУДЬЯЛАРДА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУГЕ ДЕГЕН НИЕТ ЖОҒАРЫ

Әділ Жамбасбайұлы сот жүйесінің бірнеше буынына куә болды. Кеңестік кезеңнен бастап бүгінге дейінгі сот реформаларын көзімен көріп, сот кадрларының қалыптасуындағы күрделі жолдардан өткен. Ол өз өмірінде сансыз тағдырды таразылап, заң алдындағы адалдықты пен ар алдындағы жауапкершілік жүгін қатар арқалаған тұлға.

Судьялық қызметтің миссиясы, қазіргі буын судьяларының ерекшеліктері, кадр мәселелері, қоғам мен соттың арасындағы сенім және судьяның әділ шешімі жайлы әңгіме бүгінгі сұхбатымызға өзек болды.

– **Әділ Жамбасбайұлы, қазіргі сот корпусында судьяларға арналған бос орындардың көп болуы неліктен?**
– Бірінші – сот жүйесіне судья кадрларын іріктеу, конкурс өткізу қазір тек Жоғары Сот Кеңесінің құзыретінде. ЖСК мемлекеттік мекеме саналады. ЖСК құрылып жұмыс істей бастағалы сот кадрларын іріктеуге байланысты талаптар қандатылды.

Екінші – судьялыққа үміткерлерге бүгінгі күні жоғары кәсіби, моральдық және психологиялық тұрғыдағы талаптар қойылып отыр. Жасыратыны жоқ, бұл талаптарға сәйкес келетін мамандар саны шектеулі. Көп жағдайда үміткерлер конкурс, тексеру, сынақ кезеңдерінен өте алмай жатады. Демек судья боламын деген кез келген заңгер бүгін судьяға қойылатын талаптарға сай емес деген сөз.

Үшінші – судьялардың жұмыс жүктемесі ауыр, жауапкершілігі өте жоғары. Бұл көптеген білікті заңгерлерді ойландырады, бірден судья болуға шешім қабылдай бермейді.

Төртінші – судьяның, әсіресе жергілікті сот судьяларының еңбегіне сай материалдық және әлеуметтік қолдау деңгейі елімізде жоғары емес. Қандай мамандық болмасын адамды ең әуелі еңбекақысы қызықтырады. Мен айтар едім, жергілікті сот судьяларының еңбек ақысы олардың мәртебесіне сай емес.

Бесінші – ЖСК-нің судья лауазымының бос орындарына жарияланған конкурстарды сирек өткізуі.

Сонымен қорытындылай келе айтарым: сот жүйесіндегі бүгінгі күнгі бос орындардың көптігі – кадрлық дағдарыс элементтері бар жүйелі мәселе. Бірақ бұл дағдарысты кемшілік деп түсінуге болмайды, судья кадрларын таңдауға байланысты қойылып отырған қатаң талаптар сот жүйесін жетілдіруге деген ұмтылыстың бір белгісі.

Мемлекетіміздің ЖСК арқылы атқаратын негізгі міндеті – сот жүйесіне сапалы кадрларды тарту, ұстап қалу және әділетті сот төрелігін қамтамасыз ету.

– **Сіз өз қызметіңіз де бірнеше буын өзгергенін көрдіңіз. Қазіргі жас судьялардың аға буынмен салыстырғанда артықшылығы мен әлсіз тұстары қандай?**

– Иә, мен судья болып қырық жылдай жұмыс істедім. Осы жылдары еліміздің сот билігінің қалай өзгергені, дамығаны көз алдымда. Меніңше қазіргі судьялар мен бұрынғы буын судьялары арасында елеулі айырмашылық бар. Бұл айырмашылықтар судьялардың өмірлік тәжірибесімен, құқықтық даярлық жүйесімен, қоғам талабымен және қазіргі технологиялық дамуымен байланысты.

Менің ойымша, жас судьялар жаңа технологияларды жақсы меңгерген. Олар цифрлық жүйеге тез бейімделеді, электронды сот жүйесін, база мен платформаларды жақсы қолдана біледі. Сонымен қатар көпшілігі қазақ тілін жетік меңгерген, ағылшын тілін де қолдана алады. Жас судьялар қоғаммен ашық пікір алмасуға бейім. Өз ойларын жасырып қалмайды. Менің байқағаным, жас судьяларда әділдікке деген ұмтылыс, өзгеріс енгізуге деген ниет жоғары.

Ал, енді жас судьялардағы кемшілік ретінде мен олардың өмірлік және кәсіби тәжірибелерінің жетіспеуін ғана айтар едім. Соның

салдарынан істің байыбына бармай жас судьялар кейде асығыс шешім қабылдап жатады, ал бұл – сот әділдігі үшін қауіпті. Аталған кемшіліктердің бәрі тәжірибе барысында түзелетін кемшіліктер. Бастапқы кездерінде жас судьяларды көбірек тәжірибелі, отставкадегі судьяларды тарту арқылы оқытуды, сот тәжірибесін қалыптастыруды жолға қою керек.



Қалай дегенмен жас судьялар – сот жүйесінің болашағы. Олардың әлеуеті жоғары, бірақ тәжірибелі судьялардың тәлімінсіз кемелденуі қиын. Ең тиімді жол – екі буынның үндесуі: жас энергия мен тәжірибелі парасаттың үйлесімі ғана әділетті сот жүйесін қалыптастырады.

– **Сіздің ойыңызша, судья болу – бұл кәсіби таңдау ма, әлде миссия ма?**

– Менің ойымша кәсіптік қызмет пен миссияны бөліп қарауға болмайды. Екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Миссия деген сөз жауапкершілікті талап ететін тапсырма дегенді білдіреді. Ендеше судья болу – бұл жай ғана кәсіби таңдау емес, үлкен жауапкершілік жүктейтін миссия.

Таңдау ретінде, әрине, судья болу бұл заңгер мамандығын меңгерген адамның кәсіби жолындағы таңдауы – үлкен шын. Бірақ басқа

құқық салаларынан айырмашылығы – судья болған адам жай ғана қызмет атқармайды, адам тағдырын таразыға салады. Мен судья болуды – ел алдындағы адалдықты, әділетті талап ететін өмірлік ұстаным деп білемін.

Судьяның ел алдындағы миссиясы – әділдікті қалтқысыз қорғауы, заңның үстемдігін қамтамасыз етуі, адамдардың сенімін ақтау жо-

лындағы адалдықты пен туралық деп тануымыз қажет. Судья – бұл әділеттің бейнесі, тек заңды білу емес, оны жүрекпен сезіну.

Себебі судья шешімі – тек қағазға түскен таңба емес, ол адамның ертеңгі тағдырына әсер ететін негізгі фактор.

Жастарға айтарым судья болуды алдымен жүректеріңізбен таңдаңыздар, судьялық қызметтің қиындығына шыдайтын, иманды, сабырлы болыңыздар. Ал судья болу кез келгеннің маңдайына жазыла бермейді.

– **Кейбір даулы істерде қоғам шешімімен келіспей жатады. Ондай сәттерде судья ретінде өз шешіміңіздің әділдігін қалай қорғадыңыз?**

– Қоғамдық пікірдің кейде сот шешімдерімен сәйкес келе бермейтін кездері сот тәжірибесінде жиі кездесетін әрі ең күрделі сәттердің бірі. Қоғамдық пікір кейде эмоцияға, үстірт ақпаратқа немесе біржақты ұстанымға негізделуі мүмкін. Ал судья қоғамға не болмаса қоғамдық пікірге емес, Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьяға қандай қысым көрсетілсе де, ол шешімді тек істегі нақты дәлелдер мен нормаларға сүйеніп шығарады.

Судья шешімінің заңдылығын жоғары сатыдағы соттар тексеріп қарап шығады. Ал, судьяның заңды шешімі заңдылықтың үстемдігі, әділеттіліктің айнасы.

Өз басым, қай кезде болмасын, қай сатының судьясы ретінде шешім қабылдасам да тек заңдылыққа сүйендім және әділеттілікке ұмтылдым. Ал, заңды және әділетті шешімді не үкімді қорғап жүгірудің қажеті жоқ. Судьяның әділдігі – оның шешімінде емес, шешім қабылдауға апаратын

жолында. Егер сол жол таза, заңды, негізді болса – уақыт өте келе әділ шешім өзі-ақ мойындалады. Ал қоғаммен диалог – ашықтықты пен сенім орнатудың маңызды жолы.

– **Сот жүйесінде қоғам тарапынан артылып отырған үміт пен сенімге сай болу үшін не қажет?**

– Сот жүйесіне деген сенім – мемлекеттегі әділет пен тұрақтылықтың тірегі. Қоғам бұл жүйеден әділдік, ашықтық, адалдық күтеді. Алайда бұл сенім үнемі биік деңгейде бола бермейді. Неге? Қоғамның сотқа деген сенімінің төмендегі судьялардың шығарған кейбір заңсыз шешімдеріне тікелей байланысты да емес. Бұл мәселені соттың жұмысымен ғана шектемей, жалпы қоғамдағы болып жатқан объективтік және субъективтік факторлармен байланыстыра қарау керек. Мен бұл факторларға ең бірінші заңдардағы түйткілді мәселелерді жатқызар едім.

Кейбір заң нормалары түсініксіз, қоғамдық қарым-қатынастарды әділетті түрде реттей бермейді. Соттар осындай заңдарды қолданып шешім шығарады.

Құқықтық коллизиялар судьяны қиын таңдау алдында қалдырады. Әділеттілікке емес, «қатесіздікке» бағытталған формализм кейде қоғамда әділет сезімін оята алмайды.

Келесі ашып айтатын тағы бір фактор ол судьялардың бәрінің бірдей биік кәсіби, моральдық деңгейде емес екендігі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының және прокуратураның сапасыз жұмысы соттардың қабылдайтын шешімдеріне де тікелей әсер етеді. Соттардың тәуелсіздігі туралы біз көп айтсақ та, кейбір «резонанстық» деп айдар тағатын қылмыстық не азаматтық істер қарағанда сыртқы ықпалдың болу мүмкіндігінен әлі арылған жоқпыз...

Соттардың қоғаммен байланысы әлсіз, ол әлі жолға қойылған жоқ. Соттар өз жұмысын кең түсіндіріп, ашық жүргізуге әлі де бейімделе қойған жоқ. Ал, ақпарат құралдары болса, соттардың жұмыстарын біржақты, кейде бұрмаланған түрде көрсетуге ұмтылады.

– **Сіз ұзақ жыл бойы әділет саласында жұмыс істеп келсіз. Ең үлкен кәсіби өкінішіңіз немесе шешілмей қалған сұрағыңыз бар ма?**

– Судьялық қызметті адал атқарып, абыроймен құрметті отставкаға шығу – мен үшін үлкен бақыт. Өзімді бақытты адаммын деп есептеймін. Алла маған екінші бірінші қолына тие бермейтін адам тағдырын шешуді – судьялық қызметті бұйыртқандықтан өкінетін ешқандай жағдайға жол бергенім жоқ.

– **Мазмұнды сұхбатыңызға көп рақмет.**

**С.АСҚАР,
«Заң газеті»**

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазақстанда сот жүйесі жаңарып, заман талабына бейімделіп келе жатқан тұста, заң саласында еңбек еткен әулеттердің орны ерекше. Ондай әулеттер – кәсіби дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, құқық үстемдігін сақтауда тұрақтылық пен сабақтастықтың символы іспетті.

Солардың бірі – Жакуповтар әулеті. Бұл әулеттің іргесін қалаған – марқұм Жакупов Шәріп Жұмагелдіұлы, ал оның жолын жалғап келе жатқан ұлы Жакупов Арман Шәріпұлы – бүгінде Ақмола облысы Көкшетау қаласының мамандандырылған тергеу сотының судьясы. Ол бізге өзінің кәсіби жолы, әке өнегесі мен бүгінгі жауапкершілік туралы баяндап берді.

ӘКЕ ЖОЛЫ: БӘРІ ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ?

– Менің әкем – Жакупов Шәріп Жұмагелдіұлы, 1947 жылы 2 ақпанда дүниеге келген. Ол еңбек жолын 1965 жылы Целиноград облысы Қорғалжын аудандық сотында сот отырысының хатшысы ретінде бастаған. Кейін аудандық комсомол комитетінде нұсқаушы болып жұмыс

істеді. Сол кезден бастап әкем заң саласына қызығып, адвокат не судья болуды армандады.

Алайда бірден оқуға түсе алмады. Бірнеше рет сәтсіздікке ұшырап, тек Кеңес армиясындағы әскери борышын өтеп келген соң, 1973 жылы Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, заңгер мамандығын меңгерді. Университетті 1979 жылы аяқтаған соң, Қызылжар аудандық халық сотында тағылымдамадан өтті. Ал 1980 жылдан бастап Көкшетау аудандық сотында судья, кейін сот төрағасы, ары қарай Көкшетау қалалық сотының төрағасы қызметтерін атқарды. Ауданның аумақтық бағыныштылығы өзгергеннен кейін, Ақмола облысының Көкшетау қалалық сотында судья болды.



– Заңгерлікке келуіме себепкер болған тұлға – әкем. Кішкентай күнімнен оның жанында жүріп, сот жүйесінің қыр-сырын көріп өстім. Ол кісі әрдайым: «Болашағың туралы ерте бастан ойлан» деп кеңес беретін. Судья болуға міндеттесе де, «Құқық қорғау органдарын-

да да өз орныңды табуға болады» дейтін.

Сол сөздер мені бағыттап, 2000 жылы Көкшетау қаласындағы ҚазМЗУ (бұрынғы Фемида академиясы) филиалына оқуға түстім. 2004 жылы оқуымды тәмамдап, Көкшетау қалалық сотында еңбек жолымды бастадым. Кейін Ақмола облыстық сот әкімшілігінде түрлі лауазымдарда қызмет еттім.

2013 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен Зеренді аудандық сотының судьясы болып тағайындалдым. Ал 2018 жылдан бері Көкшетау қаласының мамандандырылған тергеу сотында жұмыс істеп келемін.

СУДЬЯЛАР ӘУЛЕТІНДЕ БОЛУ – МӘРТЕБЕ МЕ, МІНДЕТ ПЕ?

– Судьялар әулетінің өкілі болу – мен үшін үлкен құрмет әрі үлкен жауапкершілік. Бұл – тек әке жолын жалғастыру ғана емес, әке абыройына сөз келтірмей, ел алдындағы парызымды адал атқару деген сөз.

Айналамдағы адамдар әкемді құрметпен еске алады: «Ол өте әділ, абыройлы адам еді» дейді. Ал мен сол әке атына дақ түсірмеуім керек. Оның беделін сақтап, азаматтардың құқықтарын қорғауда өз міндетімді адал атқаруға тиіспін.

– Біздің отбасымызда

P.S: Жакупов Арман Шәріпұлы – тек кәсіби судья ғана емес, отбасылық дәстүрдің тірегі. Оның өмір жолы – әке аманатына деген адалдықтың, заңға деген шынайы құрметтің көрінісі. Судьялар әулетінде өскен адам үшін бұл мамандық – жұмыс қана емес, бұл – өмірдің мәні.

**Самал АСҚАР,
«Заң газеті»**

ӘКЕ АТЫНА ДАҚ ТҮСІРМЕУ ПАРЫЗЫМ

ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ – 2025

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ бие байлау, бие сауу, құлын тарту, қымыз ашыту секілді қасиетті сусынның дайындалу үдерісімен жан-жақты танысуға мүмкіндік алды. Одан кейін спорттық жарыстарды тамашалап, өнер жұлдыздарының концерттік бағдарламасы жүргізілді. Ал түскі астан кейін құнан бәйге (9 км), топ бәйге (189 км), аламан бәйге (31 км) ойындарын көріп, күн ұясына қонуға жақындағанда қайтудың қамына кірісті.

«Қымызмұрындық» елімізді танытатын рухани кодымызды жаңғыртатын мазмұнды бастама

– Қымызмұрындық – береке мен молшылықтың, қонақжайлылықтың, тектілік пен тағылымның жарқын көрінісі. Бұл халқымыздың тұрмыс-салты мен рухани мәдениетінен сыр шертетін ұлттық мұра. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда: «халқымыздың ата-бабадан мирас болған мол мұрасы бар. Оны заман талабына сай жаңғыртып, барынша насихаттауымыз керек» деген болатын. Бүгінгі шараға 10-ға жуық шет мемлекеттің өкілдері, еліміздің айтулы мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі әдебиет және мәдениет майталмандары, республикалық қоғамдық ұйымдар, этномәдени бірлестік өкілдері қатысып отыр. Осының өзі қазақ халқы мен оның ұлттық мәдениетіне деген үлкен құрмет деп білемін. Қымызмұрындық елімізді танытатын рухани кодымызды жаңғыртатын мазмұнды бастама. Қымыз дайындау тек шеберлік емес, бұл өмір философиясы. Бие байлау, қымызды ашыту, сақтау, келген қонаққа ұсыну халқымыздың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ерекше дәстүрі. Біз бүгін баба аманатын орындау мақсатында заманауи технологияларды пайдаланып, қымыз өндірісі көлемін арттырып, оны сақтау, тасымалдау және сауда желілеріне жеткізу жолында еңбек етудеміз. Соның нәтижесінде халықтың ұлттық өнімге деген сұранысы жылдан жылға артып келе жатыр. Қымыз өндірісі жылқы шаруашылығымен тікелей байланысты. Бүгінде Алматы облысындағы жылқы саны 268 мың басқа жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 6 пайызға өсіп отыр, – деді Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев. Өңір басшысының бұл ыстық ықыласын халыққа қымызмұрындықтың ресми ашылу рәсімінде Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Әбдірахым оқып берді.

Кегенге ұлттық құндылықтардың мұражайы керек

– Өткеніміз мен болашағымызды жалғап тұрған бүгінгі мерекеміз құтты болсын. Бұл біздің қазақ екендігімізге мақтанатын күн. Ұлттық құндылық немесе ұлттық код туралы айтқан кезде сөзбен емес іспен дәлелдеп жатқанымыз



дұрыс. Бүгін республика бойынша 20 өңірден Аналар кеңесінің төрағалары келіп отырмыз. Кеше облыс әкімімен кездескенбіз. «Әкім бол, халқыңа жақын бол» деген үлкен әкімнен кіші әкімге дейін сақталып тұрған қағида екеніне аналардың көзі жетті. Біз бүгін аталы сөз айтатын ата бар екенін, аналық сезіммен ұл-қыз тәрбиелейтін ана бар екеніне, қолынан өнері тамған адамдардың ата кәсібін ұрпаққа беріп жатқанын көрдік. Бүгін мұнда республикадан келген қаншама депутаттар жүр, біздің енді оларға бір ғана тілегіміз бар. Ол – қазақтың салты мен дәстүрі, мәдениеті, сөз құдіреті сақталған Кеген жерінде үлкен мұражай салынуы тиіс. Бұл мұра жалпы Қазақстанға таратылу керек», – деді Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Республикалық Аналар кеңесінің төрағасы Нәзипа Ыдырысқызы.

Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Мереке Құлке-

новтың айтуынша, қымызмұрындық біздің көптен бері ұмытып бара жатқан мерекеміз. Оның бірінші шаруасы қыстан аман шығып, бие байлап, алғашқы қымызын кішкентай ұл-қызына жұтқызғандығы. Ол менің болашағым алда деген сөз. Мен бармын деген сөз. Мендей қазақ ешқашан жер бетінен жоғалмайды дегенді жариялайтын нәрсе. Қымызмұрындық қазір көп облыста ұмытылып қалған. Бүкіл құндылығымызды, даналығымызды көрсетіп жатқан мұндай мерекелерді енді жандандыра беру керек.

Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан бүгінгі шараға еліміздегі басты заң шығарушы органнан бірнеше әріптесі келіп, Қымызмұрындық аясында ұйымдастырылған жәрмеңкеге қолдау білдіргенін атап өтті. Сонымен қатар қымызмұрындықтың Қарқара жайлауында жалғасын тапқанына қуанышты екенін, болашақта Қарқара жәрмеңкесіне ұласуына тілектестігін жеткізді.



Ат спорты ойындары – мәдениетіміздің бөлінбес бөлшегі

«Өз басым бала кезімде қымызмұрындықты тойладым деп айта алмаймын. Бізде бие байлағанда биебаудың тойы болатын. Бие байлаған үйге ауылдағы адамдар өз қоржынын алып келіп, дастарқан жаятын. Балалар құлын желіге оралып қалмасан деп қарап, әпкелеріміз, шешелерміз бие сауған кезде көбік жалап өскенбіз. Ол әлі естен кетпейді. Бізде ұлттық құндылықтарды дәріптейтін тойлар көп болу керек. Қазақ атқа мінгенде ғана азаттықты сезінеді. Сондықтан ат жарыстарының өтетін «Жолан жүйріктері» бәйгесі де біздің мәдениетіміздің бөлінбес бөлшегі деп қабылдау керек. Мәселен, бүгінгі шараға қымызмұрындық қана тойланған жоқ. Қой қыркудан бастап, теңге ілу, палуандар күресі, алыптар айқасы, арқан тарту, ат бәйгесі сияқты жарыстар да болды. Қазір қалада өскен балалар қой қырку, қой сою, етті жіліктеу, оны пісіріп, кімге еттің қай мүшесін беретінін білмейді. Оны олар осындай ұлттық құндылықтар ұлықталатын тойларда ғана көріп, естіп, көңіліне токиды», – дейді Ұлттық құрылтай мүшесі Сырымбек Тау.

Кеген өңірінде дәстүрлі түрде жыл сайын өткізілетін шараның спорттық жарыстар бағдарламасына биыл алғаш рет «Толағай» алыптар сайысы енгізілген екен. 150 келі тартатын тасты межелі жерге жеткізуден сыңа түскен апайтөс, бұрасан алыптардың арасынан Арыс қаласынан келген Азамат Мақұлбеков жеңімпаз атанып, жүлдеге тігілген 1 млн теңгенің иесі атанды. Іле ауданынан келген Евгений Инкин (600 мың тг) мен елордалық Жаннұр Маутан (400 мың) үздік үштікті түйіндеді. Ал Жетісу облысынан келген Айдын Нұғыманов 120 келілік қошқарды 30 рет көтеріп, жеңімпаз атанды. Бұл азамат Қарқара жайлауында 2023 жылы өткен қымызмұрындықта қошқарды 101 рет көтеріп, жеңімпаз атанған болатын.

Балуандар арасында өткен қазақ күресінде Кеген ауданының тумасы Бексұлтан Әнуарбек бірінші орын алып, жерлестерін бір серпілтіп тастады. Жеңімпазға жарысты ұйымдастырушылар 300 мың теңге сыйақы табыстады. Бұл сында 2-3-орындарды Аян Байғазы (Еңбекшіқазақ ауданы) мен Жансерік Жұмабай (Жетісу облысы) бөлісіп, ақшалай жүлдемен қайтты. Арқан тартуда қазақ күресі командасы қарсыластарын шақ келтірмеді. Үздіктер үштігін Тұйық пен Сүмбе командалары түйіндеді.

«Жолан жүйріктері» бәйгесіне биыл еліміздің әр аймағы мен көршілес Қырғыз Республикасынан келген 150-ге жуық жүйрік тұлпар қатысқан болатын. Жылқы десе елендейтін жанкүйерлер асыға күткен аламан бәйгеде жеңімпазға тігілген Changan кроссовері мәре сызығын бірінші боп кесіп өткен Жамбыл облысы Қордай ауданынан

келген шабандоз Мейір Дәулетбай тізгіндеген «Айбалта» деген тұлпардың иесі Айдар Нұрмұхаметовке бұйырды. Қырғызстандық Манас Замирбеков мінген «Қарагер» деген аттың иесі Шаабиден Токтосартов екінші орынға тігілген 2,5 млн теңге қаржыға ие болды. Одан кейінгі жүлделі орындарды Балқаш ауданынан Аңсар Арыстанбек (Отырар), ат иесі Сапарғали Сатпаев (1 млн теңге); Жетісу облысынан Хамза Марланұлы (Жетісу), ат иесі Арыстан Нұрланұлы (500 мың теңге), Жамбыл ауданынан Сержан Бақтыбай (Ақпан), ат иесі Орынтай Әмірғалиев (300 мың теңге) иеленді.

Топ бәйгеде Талғар ауданынан келген шабандоз Нұрислам Амангелді тізгіндеген «Қалқаман» деген аттың иесі Мағауия Қазбеков үйіне Changan кроссоверін мініп қалса, құнан бәйгеде қырғызстандық шабандоз Арсен Болотбеков мінген Сталбек Жаманкуловтың «Роки» деген аты мәреге бірінші келді. Жеңімпаз еліне 2 млн теңге жүлдемен қайтты.

Тойдан түйін

Жазғытұрым жұрт жайлауға шығып, бие байлаған кездегі алғашқы қымызды ішуге шақыру салты боп есептелетін қымызмұрындық дәстүрін тәуелсіздіктен кейін елімізде ең бірінші боп Алматы облысының әкімі (1997-2001 ж.ж.) боп тұрған кезде Заманбек Нұрқаділов жаңғыртқан еді. Нарықтың өтпелі кезеңінен ел енді ғана ес жиып, мемлекеттің экономикалық жағдайы оңала бастаған кезде қолға алынған бұл шара кейін ақырындап өзге өңірлерде жалғасын таба бастаған. Алайда кейін оның бәрі белгілі бір себеппен аяқсыз қалды. Ал әр жерде түрлі уақытта ара-тұра өткен қымызмұрындық фестивальдерінің ауқымы шектеулі және бағдарламасының мазмұны байытылған жоқ. Сондықтан Кеген өңірінде соңғы үш жылда дәстүрге айнала бастаған қымызмұрындықта алға қойылған мақсат қаншалықты орындалды деп санайсыз деген кезде аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев: «Бұл тек той тойлау емес – ұлттық құндылықтарды дәріптеу, мәдениетті көтеру, туризмді, спортты дағдыға мақсатында өтіп жатыр. Киіз үйлер тігіп, қонақтарды күтіп алуға бюджеттен ешқандай қаржы жұмсалмады. Ол жергілікті тұрғындардың қолдауымен және облыстың өзге ауданындағы әріптестеріміздің атсалысуымен жүзеге асырылды. Тек мәдени, спорттық және өзге де шараларға құзырлы облыстық басқарма басшылары өздерінің іс-шаралар жоспарына сәйкес қаржы бөлді. Ал «Жолан жүйріктері» бәйгесіне тігілген екі көлікті демеушілер мен Жолан бауырымыздың ағасы Ұлан мырза және оның жора-жолдастары өз мойындарына алды» – дегенді айтты.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек
Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6327 дана
Апталық таралым 12 654 дана

Тапсырыс №94 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **Zanmedia.kz** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31